



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№35 (1992) 13 ҚАЗАН 2025 ЖЫЛ



Студенттер қатарына ЖИ қатысуымен қабылданды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрлі Студенттер қатарына қабылдау салтанатты шарасы өтті. Биылғы кеш ерекше форматта ұйымдастырылып, 1-курс студенттерін оқуға қабылдау рәсімі жасанды интеллектінің қатысуымен жүзеге асты.

Салтанатты шараға ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ҚР Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай, Алматыдағы ҚХР бас консулы Цзян Вэй және

өзге де танымал тұлғалар қатысты.

Шарада министр Саясат Нұрбек жастарды арнайы құттықтап, оқуда табыс тіледі.

«ҚазҰУ – тек білім ордасы емес, тұлға қалыптастыратын, білікті маман даярлайтын, ғылым мен инновацияның орталығы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жастар отаншыл, білімпаз, еңбекқор, үнемшіл, әділ әрі жанашыр болуы шарт», – деп атап өткен болатын. Президент айтқан қасиеттерді бойына сіңірген жас буынды тәрбиелеуде ҚазҰУ-дың рөлі зор. Университет тек теориялық білім беріп қана қоймай, студенттерді өмірлік ұстанымдары айқын, жауапкершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті маман ретінде қа-

лыптастыруда ауқымды жұмыстар атқаруда», – деді министр.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев: «Ұлы ұстаз, ойшыл әл-Фарабидің «Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз» деген қағидасын естен шығармаңыздар. Сіздердің тәрбиелі шәкірт, білікті маман, елін сүйетін тұлғалы азамат болып шығатындарыңызға сенемін», – деді.

Жаңа оқу жылында ҚазҰУ-ға бакалавриат, магистратура және докторантура бағыты бойынша барлығы 11 530 студент қабылданды. Бакалавриатқа оқуға түскен жастардың ішінде 116 «Алтын белгі» иегері мен 27 халықаралық олимпиада жүлдегері бар. Биыл 2500-ден астам шетелдік студент Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды таңдаған.

Кеш барысында алғаш рет ҚазҰУ филиалдарында білім алатын студенттер де өз өнерлерін паш етті.

Салтанатты кеш қазақ эстрадасы жұлдыздарының ән шашуымен жалғасып, жастардың би кешіне ұласты.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ
Жалғасы 8-бетте

Қазақ тіл білімінің темірқазығы



ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор Шора Сарыбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық конгресс өтті.

Іс-шараға ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Өзбекстан, Қырғызстан және өзге де мемлекеттерден келген филолог-ғалымдар мен сарапшылар жиналды.

Жиында министр Саясат Нұрбек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Хатта: «Шора Сарыбаев – тіл ғылымын дамытуға, оның тарихын зерттеуге айрықша еңбек сіңірген ғабратты ғалым. Ол ана тіліміздің көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосты. Қазақ және түркі тілдерінің диалектологиялық атласын жасауға атсалысты», – делінген.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев баяндамасында бүгінгі конгресс филология ғылымының жаңа бағыттары бойынша ой-пікір алмасуға және тіл мен мәдениеттің сабақтас-

тығын жаңаша зерделеуге мүмкіндік беретінін айтты.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Шора Сарыбаевтың Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі екенін айрықша атап өтті. «Шора Сарыбаев – түркі тілдері бойынша аймақтық лексикография теориясын тұңғыш негіздеген ғалым. Академиктің ғылыми мұрасы – қазақ тіл білімінің темірқазығы. Бұл еңбектер бүгінде оқытушыларға көмекші құрал, жас ғалымдарға бағдар болып отыр», – деді ректор.

Соңында Шора Шамғалиұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптың, сондай-ақ ғалым туралы жазылған мақалалар жинағының тұсауы кесілді.

Ауқымды шараны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, ҚР ҰҒА, Халықаралық түркі академиясы, ҚазҰУ мен «Қазақ тілі» қоғамы бірлесіп ұйымдастырды.

Конгрестің секциялық жұмысы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Фараби кітапханасында жалғасты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

2-бет

Корея
бас консулы
көшбасшылық
дәріс оқыды



3-бет

Криобокстың
тиімділігі
неде?



6-бет

Кәкішев
қалай
студент
атанды?



Корея бас консулы көшбасшылық дәріс оқыды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Алматы қаласындағы Корея Республикасының бас консулы Ха Тэ Укпен келіссөз жүргізді.



минарлар мен конференциялар ұйымдастыру келісілді. Жансейіт Түймебаев құрметті қонаққа оқу ордасының жетістіктері туралы ақпарат

беріп, алдағы жоспарымен бөлісті. Сондай-ақ өз сөзінде ректор ҚазҰУ Корея ЖОО-ларымен әріптестік қарым-қатынасты дамытуға ерекше мән беретінін жеткізді.

Өз кезегінде Ха Тэ Ук жүздесуде айтылған барлық ұсыныстар мен бастамаларды қолдайтынын айтты.

Келіссөзден соң құрметті консул ҚазҰУ студенттерімен кездесіп, көшбасшылық дәріс оқыды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Бірлескен зерттеулер жүргізіледі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ресей Федерациясының ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындарының өкілдерінен құралған делегацияны қабылдады. Кездесу барысында тараптар өзара тиімді әрі нәтижелі серіктестіктің болашағын талқылады.

ми орталығының директоры, Стратегиялық талдау және жоспарлау орталығының меңгерушісі Вячеслав Селиверстов сөз сөйледі. Ол Ресейдегі академиялық және ғылым қалашықтарының табысты жұмыс істеу тәжірибесі Қазақстан үшін үлгі бола алатынын атап өтті. Оның пікірінше, тиімді инфрақұрылым, басқарудың сапалы тетіктері және тұрақты ғылыми-инновациялық даму үлгілері осындай орталықтардың табысты қызметіне негіз болады. Сондай-ақ ол екі ел арасында озық тәжірибемен алмасу арқылы Қазақстанда білім мен ғылымның жаңа орталықтарын қалыптастыруға мүмкіндік бар екенін айтты.

Келіссөз барысында тараптар бірлескен ғылыми орталық құру, ғылым қалашықтарының инфрақұрылымын дамыту тәжірибесімен алмасу және бірлескен зерттеулер жүргізу мәселелерін талқылады. Делегация мүшелері жобаның тұжырымдамасын, іске асыру кестесін және қаржыландыру тетіктерін нақтылау мақсатында жұмыс кездесулері мен сараптамалық сессиялар форматында диалогты жалғастыруға ниетті екенін жеткізді.

Құрметті қонақтар үшін университеттің ғылыми-инновациялық инфрақұрылымымен танысуға арналған кампус-тур ұйымдастырылды.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ



Пенза университетімен студент алмасады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Пенза мемлекеттік университетінің халықаралық істер жөніндегі проректоры Глеб Синцов бастаған делегациямен кездесті.



алмасуын, сондай-ақ бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруға кең мүмкіндік береді», – деді ректор.

Сондай-ақ университет басшысы 2022 жылдан бастап табысты жұмыс істеп келе жатқан НИЯУ МИФИ филиалының қызметіне тоқталды. Қазір онда 104 студент бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша білім алуда. Сонымен қатар ол Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті базасында ҚазҰУ филиалын ашудың стратегиялық маңызын ерекше атап өтті.

Өз кезегінде Пенза мемлекеттік университетінің халықаралық істер жөніндегі прорек-

торы Глеб Синцов екі жоғары оқу орны арасындағы жаңа келісімнің стратегиялық мәніне назар аударып, оның студенттер мен оқытушылардың халықаралық академиялық мобильдігін кеңейтуге және бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыруға серпін беретінін айтты.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар бірлескен білім беру бағдарламаларын, ғылыми-зерттеу жобаларын дамыту және факультеттер мен институттар арасындағы тәжірибе алмасуды көздейтін серіктестік туралы келісімге қол қойды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әдетте, зертхананың «өз адамы» болады. Оған бөгде біреу жолай алмайды. Жолағанда не істейді?.. Өңкей темір-терсек, құрал-жабдық, былайғы жұртқа мүлде түсініксіз сызба-схемалар. Кірсең, қашып шығасың ғой. Ал зертхананың «адамы» бір бұрышта қандай да бір жабдықтың көз алмай, әлденеге шұқшия әйтеуір бірдеңе жасап отырады. Мен Әбдірахман Уәліұлының Криофизика және криотехнологиялар зертханасына кіргенде, «физик болмағаныма құдайға шүкір» дедім... Бәлкім, сіз де солай дер ме едіңіз. Өйткені физик-ғалым болу дегеніңіз – көл-көсір білім мен тәжірибені былай қойғанда, төзімді талап ететін нағыз «тар жол, тайғақ кешу» ғой. Өңгімені «жұмысыңыз қандай қиын» деп бастай бергенімде, ол кісі жай ғана жылы жымыды. Сол жымыстың астында ғалымға тән ізденіс пен еңбекқорлықтың жатқанын сездім.



Әбдірахман Уәліұлы ғылым жолы күрделі екенін, оған жүректің қалауымен бірге асқан шыдамдылық керек екенін маған бірде түсінікті, бірде түсініксіз тілде айтып жатты. Қолға алынған жоба көп, соның бірі – мобильді төмен температуралық термотұрақтандырғыш (криобокс) жасау жобасы көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Бұл криобокс – қарапайым тілмен айтқанда, қолдан-қолға өтуі өте жеңіл кәдімгі тоңазытқыш. «Қазіргі заманда биотехнология мен медициналық зерттеулердің жылдам дамуына орай, вакциналар, тін үлгілері, дәрі-дәрмектер және басқа да биологиялық агенттер сияқты биологиялық материалдардың сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігі туындауда. Себебі мұндай материалдар температуралық режимді қатаң сақтауды талап етеді», – дейді Кристофизика және криотехнологиялар зертханасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Әбдірахман Алдияров. Ал бұл мәселе денсаулық сақтау ұйымдары, төтенше жағдайлар министрліктері, экологиялық құрылымдар, сондай-ақ еліміздің ғылыми-зерттеу институттары үшін ерекше маңызды. Атап айтқанда елдегі проблемалы аймақтардың экологиялық жағдайын талдауға арналған экспедицияларды жүргізу кезінде биологиялық үлгілерді алыс аумаққа тасымалдауға қажет болады, ал мұндайда тұрақты инфрақұрылымның болмауы мәселе туғызбай қоймайды.

«Биологиялық материалдарды салқындату мен тасымалдауға құрғақ мұзды пайдалану жиі қолданылатын әдіс болғанымен, оның бірқатар маңызды кемшіліктері бар. Біріншіден, құрғақ мұздың құны қымбат. Демек, қымбат баға оны экономикалық тұрғыдан тиімсіз етеді. Әсіресе материалдарды ұзақ уақыт бойы тасымалдау қажет болған жағдайда қымбатшылыққа ұрынасыз. Екіншіден, құрғақ мұз әрдайым қажетті температуралық режимді қамтамасыз ете ал-

Криобокстың тиімділігі неде?

майды, әсіресе өте төмен температураны (-196 °C дейін) сақтау қажет болған жағдайда. Сонымен қатар құрғақ мұздың интенсивті сублимациясы, көмірқышқыл газы буының жоғары тығыздығына байланысты ол әрі тиімсіз әрі қауіпті. Себебі ол температуралық режимнің және биологиялық материалдардың бұзылуына алып келуі мүмкін», – дейді Әбдірахман Уәліұлы.

Осыған орай, осы мәселені шешу үшін сұйық азот негізінде жұмыс істейтін мобильді криотермотұрақтандырғышты пайдалану жобасы ұсынылды. Сұйық азот өзінің төмен қайнау температурасына (-196 °C) байланысты өте төмен температураға жетуге және оны сақтауға мүмкіндік береді. Бұл биологиялық материалдарды тасымалдауға идеалды салқындатқыш саналады. «Қазақстанда сұйық азотты өндіру кез келген ірі қалада қолжетімді, ал экспедициялар үшін салқындатқыштың қажетті қоры Дьюар ыдыстары арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл әдісті экономикалық тұрғыдан тиімді және далалық жағдайларда пайдалануға ыңғайлы етеді», – дейді ғалым.

Сонымен қатар мобильді криотермотұрақтандырғышты әзірлеу криогендік технологиялар саласындағы заманауи тенденцияларға сай келеді. Өйткені олар медицина, биотехнология және экология сияқты түрлі салаларда белсенді түрде өмірге енуде. Бұл тек биологиялық материалдарды тасымалдау тиімділігін арттырумен шектелмей, сонымен бірге еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға ықпал етеді, криогендік жабдық нарығына инновациялық шешімдерді енгізуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен бұл жобаның тиімділігі неде?



Негізгі техникалық сипаттамалары:

Спецификация	КТ-1
Жұмыс температурасы, °C	-196 - 0
Геометриялық көлем, м³	0,0210
Сақтау камерасының көлемі, м³	0,0167
Тоңазытқыш резервуарының көлемі, м³	0,0054
Рұқсат етілген коррозия, мм	0
Тоңазытқыш заты	сұйық азот
Өлшемдері, мм	h=300, d=220

Ғылыми-техникалық жаңалығы: Бұл құрылғының ғылыми-техникалық жаңалығы ауаны сұйылту өнімі – сұйық азотты кешенді қолдану. Биологиялық материалдарды сақтауға, сондай-ақ тасымалдауға арналған шағын көлемді төмен температуралы жүйе – нақты тапсырмаларды орындауға ғана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасында криогендік технологияларды нарыққа енгізуге де жол ашады.

емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасында криогендік технологияларды нарыққа енгізуге де жол ашады.

Мақсаты мен басымдығы: Мобильді төмен температуралы термотұрақтандырғыш биологиялық белсенді және тез бұзылатын препараттарды сақтауға, сонымен қатар тасымалдауға арналған. Жұмыс істеу принципі – сұйық газдың (сұйық азоттың) салқын газификациясы. Бұл қосымша энергия көздерінсіз қажетті температураны жұмыс камерасында ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Термотұрақтандырғыштың артықшылығы:

- Үнемділік – шетелдік қымбат баламалардан бас тартуға мүмкіндік береді. Құрылымдық ерекшеліктері тасымал кезінде төмен температураны қамтамасыз етеді.

- Тоңазытқыштың төмен құны – сұйық азоттың салқындату өнімділігіне қарай бағасы құрғақ мұздан төмен.

- Автономдылық – жабдық сыртқы энергия көздерін қажет етпейді, өйткені газификация тасымалданатын материалдардың жылуы есебінен жүреді.

- Еңбек шығынын азайту – құрылғыны қолдану үшін оператордың тұрақты жұмыс істеуі қажет емес.

- Қауіпсіздік – жоғары қысым мен қозғалмалы бөлшектердің болмауы құрылғыны қауіпсіз етеді.



Құрылымы мен жұмыс принципі:

Термотұрақтандырғыштың жұмысы сұйық азот буын қолданатын салқындату жүйесіне негізделген. Салқындату процесі сұйықтан газға өтетін фазалық ауысу нәтижесінде жүреді. Жұмыс заты ретінде сұйық азот қолданылады, ол буланған кезде газ тәрізді азотқа айналады. 1 литр сұйық азот буланғанда шамамен 720 литр газ тәрізді азот пайда болады (қалыпты қысымда). Сұйық азоттың қайнау температурасы (T=76 K) бөлме температурасынан едәуір төмен, бұл сыртқы жылу арқылы булану процесін қамтамасыз етеді.

Термотұрақтандырғыштың жұмысы салқындатқыш пен салқындатылатын объекті арасындағы теріс кері байланысқа негізделген. Сұйық азот температурасы (T=77,4 K) сақтау камерасына орналастырылған объектілердің температурасынан әлдеқайда төмен. Объектілерден шыққан жылу жылуалмастырғыш арқылы сұйық азотқа беріледі, нәтижесінде ол буланады. Азот буы сақтау камерасына түсіп, объектілерді салқындатады. Объектінің температурасы төмендеген сайын жылу беру мөлшері азаяды, бұл камерадағы температураны тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Криогендік сұйықтықпен толтыру: Термотұрақтандырғышты криогендік сұйықпен толтыру әдісі Дьюар ыдысымен жұмыс істеу тәртібіне ұқсас. Кіретін криогендік сұйық ішкі резервуарды салқындатады. Салқындату мен толтыру аяқталған соң, толтыру клапаны жабылады.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Ел дамуының жаңа бағдары

Бүгінгі әлем жаһандық өзгерістер мен жаңа сын-қатерлер кезеңіне аяқ басты. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі тұрақсыздық, мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылық пен шиеленіс соңғы кездері күшейіп отырғаны жасырын емес. Осындай күрделі жағдайда Қазақстанның стратегиялық бағыты айқын болуы – уақыт талабы.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басты миссия ретінде айқындап берді. Бұл – бүгінгі қоғам үшін аса өзекті міндет. Себебі тұрақты даму мен қоғамдық келісімсіз мемлекеттің болашағы баянды болмайды. Президент атап өткендей, Қазақстан үшін ең басты құндылық – тұрақтылық пен бірлік. Осы мақсатқа жету үшін мемлекет экономикадағы әртараптандыруды күшейтіп, білім мен ғылымды дамытуға, жаңа технологияларды енгізуге және жастарды қолдауға ерекше көңіл бөлмек. Жолдау – ел болашағына бағытталған стратегиялық бағдар.

Мемлекет басшысы өз жолдауында цифрландыру, жасанды интеллект, білім беру сапасын арттыру, әділетті қоғам қалыптастыру мәселелеріне

ерекше тоқталды. Әсіресе жастарға зор сенім артып, олардың бәсекеге қабілеттілігі мен патриоттық рухын нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Жаңа дәуірдің талаптарына сай білімді, заманауи технологияларды меңгерген ұрпақ қана Қазақстанды жаңа белестерге шығара алады. Сонымен қатар Президент ел экономикасын әртараптандыру, ұлттық қауіпсіздікті күшейту, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету сияқты іргелі бағыттарды нақты көрсетті.

Бұл шаралар елдің тұрақтылығын сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтеруге ықпал етпек.

Қазіргі турбулентті заманда әрбір азаматтың жауапкершілігі артып отыр. Қазақстанның өркендеуі – баршамыздың ортақ ісіміз. Біртұтас ұлт ретінде ел дамуына үлес қосу – әрқайсымыздың азаматтық әрі патриоттық парызымыз. Президент жолдауы – еліміздің болашақ даму стратегиясын айқындайтын бағдаршам. Сондықтан оны жүзеге асыруға қоғамның барлық мүшесі атсалысуы қажет.

Гүлсима ДАЙРАБЕКОВА,
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы



Жолдау – стратегиямыздың айқын көрінісі

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған жолдауында цифрландыру, саяси құрылым, экономикалық өсу, әлеуметтік әділеттілік және халықаралық саясат саласындағы басым міндеттерді айқындады. Мемлекет басшысы цифрлық трансформацияны басты нысанаға алды. Бұл – әлемдік өзгерістерге сәйкес, Қазақ елінің болашағын нығайту үшін жасалған стратегиялық шешім. Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, жұмыс орындарын көбейту, инфляцияны тежеу, кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік төлемдерді әділ ету сияқты бағыттарға кеңінен тоқталды. Саяси құрылымдағы өзгерістер, атап айтқанда Парламенттің екі палаталы жүйесінен бір палаталы Парламентке өту мәселесі талқылауға енгізілді. Бұл – басқару тиімділігі мен өкілділік принциптерін қайта қарастыру іс-шарасы. Оның негізгі бағыттары – цифрландыру және жасанды интеллект. Алдағы уақытта жаңа интеллектуалды және цифрлық даму министрлігін құру жоспарланып отыр. Бұл министрлік цифрлық саясат, жасанды интеллект, үлкен деректер (Big Data) және платформалық экономика

бағыттарын үйлестіреді. Цифрлық кодексті қабылдау, цифрлық активтер қорын (крипторезерв) құру, цифрландыру арқылы мемлекеттік қызметтер мен инфрақұрылымды жетілдіруге ерекше көңіл бөлінбекші. Цифрлық қала ретінде Алатау қаласына арнайы мәртебе берілмекші, мемлекет билігіне тікелей бағынышты, заман талабына сай инфрақұрылыммен қамтамасыз етілетін болмақ.

Одан кейін Мемлекет басшысы экономика және инвестиция тарту мәселесін ерекше атап өтті. Инвестиция тарту және өндіріс секторын дамытуға қатысты тың тапсырмалар берді. Оның ішінде шикізатқа тәуелділікті азайту, өңдеу өнеркәсібін арттыру, экспорт әлеуетін көтеру мәселесі қозғалды. Үкіметтік және заңнамалық жүйені кәсіпкерлер үшін барынша қолайлы ету мақсатында нормаларды жеңілдету, тексерулерді азайту, бизнеске қысымды азайту мәселесін қозғады. Әлеуметтік әділеттілік пен халықтың әл-ауқаты да на-

зардан тыс қалмады. Инфляциямен күрес – басты міндет. Тұрақты әлеуметтік төлемдер, аймақаралық айырмашылықтарды төмендету, әлсіз топтарға көмек көрсетілуі керек. Жұмысшы мамандықтарына, техникалық және өндірістік салаларға назар аударып, кадр даярлау мәселесі көтерілді.

Жолдау – Қазақстанның таяу үш жылдағы даму стратегиясының айқын көрінісі. Цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы бастамалар, саяси құрылымдағы өзгерістер мен экономикалық өсім жолдары таңдалды. Ең бастысы, барлық жоспарлар жүзеге асқан жағдайда ел әлеуметтік әділеттілік, тұрақтылық және заманауи дамудың үлгісіне айналуы мүмкін.

Ернұр ОҢДАШҰЛЫ,
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының аға оқытушысы

Бәсекеге қабілеттілік жолындағы қадам

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында еліміздің цифрлану мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Елдегі цифрлану арқасында біз секілді ересек адамдардың да цифрлық сауаты бір сатыға көтерілді. Өйткені қазір үлкен аталар мен апалардың өзі мобильді байланыс арқылы төлем жасап, интернет сауда-саттықтың қыр-сырын меңгеруде. Ал жасанды интеллекті дегеніңіз алдағы бір-екі жылда өмірімізге өркін еңбекші. Қазірдің өзінде ол кез келген маман иесінің қосымша «қорек көзі» болып отыр. Сондықтан біз, ғалымдар, экономиканың да, әлеуметтің де дамуына мүдделіміз. Мемлекет басшысының жолдаудағы, жолдаудан тыс бастамаларын үнемі қолдаймыз. Мәселен, жақында ғана өткен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңесте «Заманауи әлемде кез келген елдің орны оның ғылым

деңгейімен анықталады. Экономикалық өсім мен ғылымның байланысы – аксиома» дегенін ешқашан есімізден шығармаймыз. Қазақстанға алдағы үш жыл ішінде жасанды интеллектің барлық салаға енгізе отырып, толыққанды «цифрлық ел» атану мақсаты қойылды. Халықаралық деңгейде Amazon, Meta, Goldman Sachs сияқты технологиялық және қаржылық гиганттармен байланыс орнатылды. Бұл елдің инвестициялық тартымдылығын көрсетеді.

Бұл бағыт елдің болашағы мен бәсекеге қабілеттілігі жолында шешуші маңызға ие. Ғылым мен инновацияға деген сенім – біздің ортақ болашағымыздың кілті.

Айша БЕГАЛИЕВА,
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы

Жасанды интеллект және нанотехнология: келешекке жол

Мемлекет басшысы кезекті жолдауында еліміздің дамуы үшін аса маңызды бағыттарға тоқталды. Соның ішінде білім мен ғылымның орны ерекше аталды. Әсіресе жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды дамыту стратегиялық басымдық ретінде белгіленді. Бұл бастамалар Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін нығайтып, инновациялық дамуға жол ашады.

Жасанды интеллект – бүгінгі күннің ғана емес, болашақтың да басты құралы. Әрине, біз қазір оның барлық мүмкіндігін толық пайдаланып отырған жоқпыз. Бірақ ол бізге үлкен көмек беретін құралға айналып келеді. Мысалы, нанотехнология саласында жасанды интеллект болашақта жаңа материалдарды тезірек табуға, зертханалық жұмыстарды оңтайландыруға және алынған деректерді тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде әлемдік деңгейде бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалуда. Әл-Фара-

би атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Химиядағы наноматериалдар және нанотехнологиялар» білім беру бағдарламасы үш сатылы деңгейде – бакалавриат, магистратура және докторантурада оқытылуда. Бұл бағдарламаның мазмұны уақыт талабына сай жетілдіріліп келеді. Студенттерге тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялармен жұмыс істеу машығы да қажет. Болашақта осы білімді жасанды интеллектімен ұштастыру арқылы біз нанотехнология саласында жаңа жетістіктерге қол жеткізе аламыз. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі жолдауында атап өткендей, ғылым мен өндірісті байланыстыру – біздің басты міндетіміз. Жасанды интеллект пен нанотехнологияның түйісетін

тұсы дәл осы жерде айқын көрінеді. Бұл – тек ғылыми ізденіс қана емес, сонымен бірге нақты секторды дамытуға үлес қосатын практикалық қадам. Біз үшін маңыздысы – бос сөзге әуес болу емес, алдағы уақытта бұл бағыттарды жүзеге асыру жолында нақты жұмыстар атқару.

Білім, ғылым және өндіріс біріккен жағдайда ғана Қазақстан инновациялық экономикаға сенімді қадам басады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, біз де ел болып, бір ұжым болып жасанды интеллект пен цифрландыруды игерсек, онда алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылуға берік қадам жасаймыз.

Меруерт НАЖИПҚЫЗЫ,
Химиялық физика және материалтану кафедрасының профессоры, х.ғ.к.

Первые занятия — Послание Президента!



Послание Президента – Верховного Главнокомандующего Вооруженными Силами Республики Казахстан К-Ж. Токаева является приоритетным вопросом в ходе первых занятий со студентами, обучающимися на военной кафедре КазНУ имени аль-Фараби.



тойных студентов для прохождения курса военной подготовки по программам офицеров и сержантов запаса.

В целях объективного отбора студентов на военную кафедру, а также предупреждения коррупционных проявлений, приказом заместителя Министра обороны Республики Казахстан назначается отборочная комиссия из числа офицеров кадровых органов воинских частей и учреждений, сотрудников военной полиции и специалистов по физической подготовке и спорту.

Отбор кандидатов на военную кафедру проводится в соответствии с Правилами военной подготовки, на конкурсной основе и включает 4 этапа:

первый этап – прохождение медицинского освидетельствования в отделах по делам обороны по местам жительства;

второй этап – проведение профессионально-психологического тестирования;

третий этап – проверка физической подготовленности;

четвертый этап – конкурсный отбор, осуществляемый в соответствии с расчетом рейтингового балла.

В 2025 году в конкурсном отборе, кроме студентов КазНУ аль-Фараби, также приняли участие студенты еще 16-ти ВУЗов города Алматы и г. Каскелен. Всего более 1800 кандидатов участвовало в конкурсе для поступления на военную кафедру. Отбор кандидатов для прохождения военной подготовки проводится в строгом соответствии с действующими Правилами и военными регламентами с использованием имеющейся учебно-материальной и спортивной базы КазНУ имени аль-Фараби.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Очередное Послание Президента Касым-Жомарта Токаева было посвящено различным проблемам социально-экономического состояния Казахстана и путях его дальнейшего развития с позиций назревшей цифровизации. Надо признать, что озвученные в выступлении Президента задачи достаточно уже давно решаются с учетом разработки в стране проекта «Цифровой Казахстан», однако без должной системности и динамики. Реализация путей, поставленных в Послании Президента задач, надо думать, позволит сделать Казахстану большой шаг в становлении как государства с передовой технологией. Правительство и акиматы получили более четкие направления предстоящей деятельности по улучшению жизни народа.

Важная политическая реформа

Меня же, как и многих юристов, политологов и общественных деятелей, не могла не заинтересовать заключительная часть Послания, содержащая важный политический аспект в жизни государства, а именно вынесение на народный референдум вопроса о необходимости в стране двухпалатного парламента, то есть ликвидации верхней палаты – Сената по окончании полномочий нынешнего состава. Глава государства в этой связи частности сказал: "Мне самому довелось в течение десяти лет возглавлять Сенат, и эту работу всегда воспринимал как большую честь и ответственность. Поэтому мне с этой трибуны нелегко говорить о парламентской реформе. Несмотря на это, всё же именно сегодня выскажу предложение о создании в обозримом будущем в нашей стране однопалатного Парламента". Говоря об этом, Президент отметил, что нынешний состав Парламента отработает до конца своего срока и в 2027 году будет проведен референдум. Глава государства предлагает отказаться от "одномандатников" и работать только по партийным спискам.

Надо признать, что, сделав шаг в этом демократическом направлении, которому следует передовая мировая практика, Касым-Жомарт Токаев достаточно мужественно поступил, ибо объективности для невозможно не отметить, что этот шаг не одобрит определённая часть верхнего эшелона власти и представители многих лоббистских групп. Тем не менее, убеждён, что с Президентским намерением согласится не только народ, но и большинство представителей экспертного сообщества Казахстана. При этом мы должны отметить, что среди учёных и не только имеется позиция в пользу признания правильности двухпалатного парламента. Наиболее обобщенно научную точку зрения высказала д.ю.н. Жакаева Л.С. Приведем сокращенно её аргументы:

Во-первых, наличие второй (или верхней) палаты парламента позволяет избежать поспешности в принятии решений, и, прежде всего в законодательной сфере. Иначе говоря, усложненный законодательный процесс создает оптимальные условия для продуманного, взвешенного правового регулирования общественных отношений. Во-вторых, наличие второй палаты парламента позволяет открыто и гласно осуществлять законодательную политику власти. В-третьих, наличие второй палаты позволяет обеспечивать стабильность действующей конституции по принципиальным позициям, то есть неизбежность ее базовых положений, ибо вторая палата парламента препятствует резкой смене политического курса, она способствует преемственности политики при обновлении состава



нижней палаты парламента. В-четвертых, двухпалатная структура позволяет представлять интересы народа в парламенте не только в масштабах государства, но и регионов. В-пятых, к достоинствам второй палаты парламента следует отнести и то, что в мировой конституционной практике обычно к кандидатам в члены верхней палаты предъявляются более жесткие требования, нежели к кандидатам в депутаты нижней палаты. В-шестых, наличие второй (верхней) палаты не позволяет другой палате радикализироваться. Вторая палата служит своеобразным противовесом другой палате, «фильтруя» ее решения, она уменьшает влияние политических страстей в пользу общенациональных интересов при решении вопросов политики и законодательства. Надо сказать, что все приводимые автором примеры изложены достаточно подробно и в определённой степени обоснованы. Однако применительно к нашей стране не менее обосновано намерение, изложенное в Послании Президента.

Вот некоторые аргументы, на которые опирается экспертное сообщество страны. Наличие в Казахстане сената в том виде, в каком он сейчас существует, может быть выгодно лишь с точки зрения сохранения существующего политического статус-кво, где верхняя палата больше нужна власти, чем гражданам страны, которым вполне достаточен однопалатный парламент. Основанием для такого вывода являются следующие положения:

1). Депутатами сената в основном становятся бывшие и действующие акимы и их заместители, бывшие и действующие министры, функционеры правящей партии власти. Об этом свидетельствуют результаты выборов, состоявшихся 1 октября 2014 года. Согласно информации на сайте Центральной избирательной комиссии, из 16 прошедших в сенат депутатов пять были заместителями акима области, четыре – депутатами сената (они переизбрались), трое – секретарями областных и городских маслихатов, один – руководителем управления статистики. Двух человек можно отнести к представителям бизнес-сообщества. Все – члены партии.

2). Депутаты сената, как гласит законодательство, избираются на основе косвенного избирательного права, то есть их выбирают депутаты областных,

районных и городских маслихатов, а не простые избиратели в ходе всеобщего голосования. Кандидаты не выезжают в регионы, не встречаются с населением и не проводят активную агитационную работу.

3). Согласно Конституции, ныне «10 депутатов сената назначаются Президентом республики с учетом необходимости обеспечения представительства в сенате национально-культурных и иных значимых интересов общества». То есть 30 процентов мест в выборном органе занимают назначенные президентом персоны. Традиционно, по указу Президента депутатами становятся бывшие высокопоставленные чиновники.

4). Законопроекты сначала рассматриваются нижней палатой парламента – мажлисом, затем – сенатом. После одобрения Сенатом направляются на подпись Президенту. В случае досрочного прекращения полномочий мажлиса Сенат остается единственным органом, осуществляющим законодательные функции.

Сенат «избирает» по представлению Президента председателя Верховного суда и его судей, председателя Национального банка, генерального прокурора и председателя комитета национальной безопасности. Кроме того, сенат назначает двух членов Конституционного суда и двух членов Центральной избирательной комиссии сроком на пять лет.

5). На предыдущих выборах на избирательную кампанию кандидатов в депутаты Сената из государственного бюджета было выделено по 450 тысяч тенге (около 1070 долларов) на каждого. В том числе 300 тысяч тенге на выступление на телевидении, радио и публикацию двух статей в СМИ, 70 тысяч тенге – на массовые мероприятия и агитационные материалы, 80 тысяч тенге – на транспорт. То есть на агитацию кандидатов государство выделило в этом году 26 миллионов 100 тысяч тенге. Ну и тот факт, что на выборах в Сенат фактически отсутствуют представители общественности, говорит сам за себя. Думается, что перечисленных данных вполне достаточно для того, чтобы считать объявленную в Послании Президента меру применительно к Казахстану вполне разумной и ответственной.

Каримжан ШАКИРОВ,
профессор кафедры
международного права

Отанға қызмет — тәрбие мен мінезден

«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА»

Ғылым – әлімсақтан бар құбылыс. Олай дейтінім, ғылым – адам болмысының ерекше бір көрінісі ғана емес, ұшқыр ой-сананың, мейірім мен махаббаттың, ар мен мінездің ерекше үйлесімі. Ғылымды ту еткен халықтар күллі адамзатқа үлгі, сан қилы ізгіліктерді жасауда. Осы ізгілікті жолға еліміздің бетбұрысы, материалдық таным тұрғысынан қарағанда темір дәуірінде анық байқалған еді. Кеннен мыс қорытып, темірден түйін түйіп, адамзат өркениетінде ерекше із қалдырған бабаларымыздың жолы әлі де сайрап тұр. Қазіргі таңда елімізде ғылымды қолдау ерекше қарқын алуда, алдағы жылды «Ғылым жылы» деп жариялап, ірі жоспарлар жасалуда. Ғылымның дамуы ел экономикасының тынысын кеңейтіп, бойын тіктеуіне жеткізетініне шүбә келтірмейміз.

«ҒАЛЫМ БОЛМАЙ НЕМЕНЕ, БАЛАЛЫҚТЫ ҚИСАҢЫЗ»

Ақиқатында, ғылым жолы – ізгілік жолы, есею жолы. Оған мысал – ғұлама-ғалымдардың өмір мектебі, бізге өсиет етіп қалдырған сұрлеу жолы. Индустрияландыру ғасырында қазақ ғылымының іргетасын қалаған тұлғаларымыз Қаныш Сәтбаев, Ебіней Бөкетовтердің өмірбаянына көз жүгіртсек, ел қамын ерте ойлаған халқының біртуар ұлдары еді. Ер-азамат үшін елінің қорғаны, Отанның ажырамас бір бөлігі екенін түйсігімен сезіну есейгеннің бір белгісі емес пе?

Өз басымнан осындай бір алпауыт күш, шексіз сезімді оқушы күнімде гимназия қабырғасында сезіндім дер едім. Менің айтып тұрғаным, Павлодар облысы Ақсу қаласындағы қазақ гимназиясы. Мемлекеттің іргетасы іспеттес мектеп-білім ордасынан бөлек, тәрбие ошағы. Айтпағым, ұл бала тәрбиесінде Отан қорғауға дайындық мектеп қабырғасында қаланады. Бұл сәттегі ұстаз болмысы – тәрбиенің тұғыры. Гимназия қабырғасында алғашқы әскери дайындықтың әліппесін үйретіп, жетелеп,



Суретте аға лейтенант Мейрам Жамалбаев өз қолымен әзірленген, соғыс шебіндегі әскери-тактикалық амалдарды түсіндіруде.

шыңдап, нәтижеге жетудің жолын ұғындырған ұстазым Мейрам Жамалбаевқа шәкірттік ілтипатым толассыз.

Мейрам Сағатұлы – менің ғана ұстазым емес, бірнеше буын қазақ жастарының талабын ашқан ерекше жан. Тілге тиек ретінде оның өз ісіне адалдығын, толассыз еңбегін, шәкірттерінің нәтижесін келтірер едім.

Әскери дайындық сабағы мектеп бағдарламасының бір бөлігі ғана емес, тәртіпке бағынуды, өз-өзіңді тәрбиелеуді, сөйтіп, жетістікке жетуді үйретті, мінезді қалыптастырды деп айта аламын. Қалалық деңгейдегі сайыстарда гимназия абыройын асқақтату, чемпиондық тұғырды ұстап тұру оқушы бала санамды есейтті, есті ойларға жетеледі дер едім.

«ОНДАЙ БОЛМАҚ ҚАЙДА ДЕП, АЙТПА ҒЫЛЫМ СҮЙСЕҢІЗ»

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады» демеуші ме еді дана халқым. Қазіргі өркениеттің тетігі электр қуаты болса, соны химиямен байланыстыратын ғылым саласы электрхимия екені мәлім. Елімізде электрхимия ғылымы өткен ғасырдың екінші ширегінде қалыптасып, әлі де даму үстінде. Бұл тұста Қазақ ұлттық университетінің электрхимия мектебінің орасан зор үлесі мен рөлін айтпай кету атыма сын. ҚазҰУ-да электрхимия жан-жақты даму үстінде. Атап айтқанда: элек-

трхимиялық жолмен материалдар өндіру және өңдеу, аса таза металдарды алу, батареялар әзірлеу, коррозиядан қорғау, сенсорлар жасау және электркатализ саласында жобалар іске асырылуда. ҚазҰУ ғалымдары электрхимиядан халықаралық конференцияларда баяндамалар жасап, беделді журналдарда еңбектерін жариялауда. Солардың қатарында аз да болса электркатализ саласында өз үлесімді қосудамын.

Қазіргі таңда ҚазҰУ қабырғасында, Зерттеу мен талдаудың физикалық-химиялық орталығында көміртегі қос тотығын электрхимиялық тотықсыздандыру арқылы пайдалы өнімдер алу, катализаторлар дайындау мен іргелі зерттеулер бағытында бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Бұл саланың әлі де өркендей түсетініне сенім мол. Сөзімнің жалғасы ретінде мектеп талбалдырығынан химияға қызығушылығымды оятқан Қанипа Ерхасоваға, кәсіби маман ретінде қалыптасуыма үлес қосқан университеттегі барша ұстаздарыма басымды иемін. Кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, мол табыс тілеймін. Сөзімнің түйінін хакім Абайдың мына өсиетімен аяқтауды жөн көрдім:

*Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.*

Қайса ӘБШҮКІР,
ҚазҰУ доценті

Кәкішев қалай студент атанды?

Студент кезімде филология ғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев ағайдың өзінің қалай студент болғаны туралы айтқан мына бір естелік әңгімесі менің есімде әлі күнге дейін қалыпты.

тарғаным риза болды ма, білмеймін, әйтеуір, қағаздарымды көріп, «мінекей, мынаны жаз» деп үлгісін көрсетті. Көшіріп жаздым. Қағазды алып, бас жағына «Оқуға қабылданды» деп қол қойды. Мен аң-таң қалдым. Осылай да оқуға түсуге бола ма екен?

– Неғып таңырқап тұрсың?
– Емтихан бар емес пе, оны қайтемін?

– Онда шаруаң болмасын. Оқуға қабылдандың, жүре бер, – деді. Сосын:

– Айтпақшы, қайда орналастың? – деп сұрады.

– Жалдаған бір үйім бар еді...

– Онда, мә, саған жатақхана, міне, ордерің! – деді.

Кейіннен білдім, маған осыншама жылылық танытқан жарылқаушы кісі қазақ журналистикасының негізін қалаушы, сол кездегі ҚазМУ-дың журналистика факультетінің деканы Қайыржан Бекхожин екен... Міне, мен осылайша әп-сәтте ҚазМУ-дың студенті болып шыға келдім», – деген еді.

Тұрсынбек Кәкішев ҚазМУ-дың журфагын үздік бітіріп, кейіннен филология ғылымының докторы, профессор атанып, өмірінің соңына дейін сол университетте абыройлы еңбек етті. Қазақ журналистикасы мен әдебиетіне зор үлес қосқан үлкен ғалым болды.

Айбол БИТУҒАНОВ,
филология факультетінің түлегі, ұстаз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универси- тетінің журналистика факультетінде профессор Марат Барманқұлов атындағы қайта жаңартылған телестудияның ашылу салтанаты өтті.

Іс-шараға университет басшылығы, ғалымдар, еліміздің жетекші журналистері, медиа саласының мамандары, профессордың отбасы мүшелері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма мүшесі – әлеуметтік

М.Барманқұлов атындағы жаңартылған телестудия ашылды

даму жөніндегі проректордың міндетін атқарушы Бақытжан Омаров телестудияның қайта жаңартылуын университеттің медиа білім беру саласындағы маңызды жетістігі деп атап өтті.

Өз кезегінде журналистика факультетінің деканы міндетін атқарушы Қанат Әуесбай сөз сөйлеп, 2009 жылы факультет-

тің теле-радио зертханасына профессор Марат Барманқұловтың есімі берілгенін, жаңартылған телестудияның болашақ журналистер үшін заманауи білім мен тәжірибені ұштастыратын маңызды алаңға айналатынын айтты.

Іс-шарада сондай-ақ филология ғылымының докторы, профессор Намазали Омашев,




ҚР Журналистер академиясының президенті, профессор Сағымбай Қозыбаев, профессор Баян Барманқұлова және продюсер Алуа Барманқұлова жылы лебіздерін білдірді. Қатысушылар телестудияның жаңа жабдықтарымен және оның техникалық, шығармашылық мүмкіндіктерімен танысты. Бағдарлама аясында телестудия туралы арнайы бейнеролик көрсетіліп, студенттердің бейнежобалары ұсынылды.

Шара соңында телестудияның қайта жабдықталуына де-меушілік көрсеткен тұлғаларға алғыс хаттар табысталды.

Гүл БАЯНДИНА

Академик Айталиев асуы



Қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Шмидт Айталиевтың туғанына – 90 жыл. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі және білім ордасында профессор ретінде студенттерге дәріс оқыған ғалымның атын шәкірттері мен ізбасарлары құрметпен атайды.

Шмидт Айталиев 1935 жылы 28 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында дүниеге келген. Заманында жауапты орындарда қызмет атқарған әкесі Мұса сол кезде атағы дүркіреп тұрған Арктика зерттеушісі, математик және астроном, КСРО ҒА академигі Отто Шмидттей болсын деп, тұңғышының есімін Шмидт қояды. Кейде адамның тағдыры есіміне байланысты деп жатады. Халық батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы: «Адамға дүниеге келгенде берілетін есім – оған өмір жолында бағыт сілтейтін жарық жұлдыз іспетті: өмір бойы жанында болатын алғашқы және қасиетті белгілердің бірі», – деген екен. Әке арманы араға алпыс жылдай уақыт салып орындалды...

Ш.Айталиев 1952 жылы осы облыстың Жәнібек станциясындағы Жәнібек қазақ орта мектебін алтын медальмен бітірді. Жас түлек С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті физика-математика факультетінің сол жылы жаңадан ашылған механика бөліміне оқуға түседі. Алдына үлкен мақсат қойып, соның орындалу жолында аянбай еңбек еткен Шмидт Мұсаұлы университетті үздік тамамдап, ғылымдағы және ұстаздық жолын Оралдағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтта бастады. Кейін Алматыға ауысып, әуелі кандидаттық, кейін докторлық диссертациясын қорғады. Қазақстан ҒА Математика және механика институты, Сейсмология институты, Механика және машинатану институтының ғылыми қызметкері, зертхана меңгерушісі болды. 1978-90 жылдары С.М.Киров атындағы ҚазМУ-да еңбек етті. Кейін Атырауда ҚР ҒА Батыс бөлімшесін құрып, оның академик-хатшысы қызметін атқарды.

Шмидт Мұсаұлының абыроймен атқарған басқа да қызметтері ел есінде. Дегенмен біз

оның мына еңбегіне ерекше тоқталып өткенді жөн санап отырмыз. Тау жыныстары механикасын зерттеп, жерасты бекітпелерінің жаңа құрылымдарын есептеу әдістерін жасаған ол, әсіресе, болашақ Алматы метросының 9-10 балдық жағдайдағы сейсмикалық орнықтылығын анықтап, ғылыми негіздеді.

«Жерасты құрылыстары мен метрополитендер құрылымдарын күрделі инженерлік-геологиялық және жоғары сейсмикалық аймақтарда жобалаудың жаңартылған нормалары жерасты құрылыстарының сейсмикаға төзімділік теориясы зертханасында Шмидт Айталиевтің басшылығымен 1991 жылы жасалып бітті. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі жылдары Алматы метросының болашағы туралы түрлі пікірлер айтылды. Одақтың ыдырауы көптеген ғылым және құрылыс салаларына үлкен кері әсерін тигізгені белгілі. Ғылымға бөлінген қаражат көлемі күрт қысқарып қалды. Алматыдағы метро құрылысы да тоқтап қалған кездер болды. Бірақ зертхананың метромен байланысы ешқашан да үзілген жоқ. Ұзақ уақыт құрылыс аяқталмай тұрып қалған метро элементтерінің сейсмикалық әсерлерге қалдық төзімділігін бағалау мәселесі де осы зертхананың маңызды зерттеу тақырыптарының біріне айналды. «Метро құрылысы экономикалық жағынан тиімсіз көрінеді», «Жер сілкінісі бола қалса, қиын екен» деген сияқты түрлі алып-қашпа сөздер пайда болғанда Алматы метросы құрылысының қала тұрғындары үшін тиімді екенін, метро салу арқылы қаладағы экологиялық жағдайды жақсартып, көлік «тығынын» азайтуға болатынын, ал оның сейсмикалық жағынан жер бетінде орналасқан ғимараттармен салыстырғанда әлдеқайда қауіпсіз екенін де жан-жақты талдап, ашып көрсеткен осы академик Шмидт Мұсаұлы еді. Бүгінде Алматы метросы – әлемдегі ең заманауи әрі келбетті метролардың бірі. Әлемдік деңгейдегі көптеген жоғары бағалар мен марапаттарға ие болды. Үдемелі даму жолына түскен тәуелсіз Қазақстанның бір мақтанышына айналды», – деп еске алады ұстазын техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Бағдат Телтаев.

Шмидт Мұсаұлы 15 монография, 350-ден аса ғылыми еңбек жариялады. Олардың бір бөлігі ТМД елдерінде, Германия, Польша, Португалия, Жапония, Корея, Түркия, Сингапурда және т.б. елдерде жарық көрді. Академик 18 ғылым докторын, 50 ғылым кандидатын даярлады. Еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқан ғалымның еңбегі мен жарқын бейнесі мәңгі есте сақталары анық.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Ұстаз. Ғалым. Тұлғатанушы. Түркітанушы. Бұл есімдердің бәрі бір ғана жанның болмысына тән. Ол – Алмасбек Мәуленов. Әдебиетке, ғылымға, ұрпақ тәрбиесіне арнаған өмірі – қазақ руханиятына сүбелі үлес қосқан жанның шынайы шежіресі.

Түркістан облысы Шардара ауданындағы Қоссейіт ауылында дүниеге келген Алмасбек Анықбекұлы мектеп жасынан-ақ қаламға үйір, көркем сөзге құштар болып өседі. Арман еткен университетке 1988 жылы қол жеткізіп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Бұл ғылым жолындағы алғашқы нақты қадам болатын.

Әдебиеттегі аңыз бен мифтерді зерделеуден бастаған жас ғалым біртіндеп түркі әлемінің кең арнасына жол тартады. 2002 жылы кандидаттық, ал 2015 жылы Қырғызстанда докторлық диссертациясын сәтті қорғап, фольклор мен мифологияны әдебиеттану ғылымымен тоғыстырған іргелі зерттеулердің авторына айналды.

Бірегей ерекшелігі – ғылымды әскери қызметпен ұштастыруында. 2001-16 жылдары Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдарында қызмет етіп, кафедра меңгерушісіне дейінгі жолдан өткен ол бұл салада да үздік ұстаз ретінде танылып, «Академияның үздік оқытушысы» атанды.

Бүгінде ол – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың беделді ғалымы, Абай институты мен Жамбыл атындағы ғылыми ор-

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қытайтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры Фатимабибі Дәулет әлемнің жетекші ақпарат құралдарының бірі – Қытайдың «Синьхуа» агенттігіне эксклюзивті сұхбат берді.

Өңгіме барысында ол Қытайдың соңғы онжылдықтардағы әлеуметтік-экономикалық даму жетістіктерін атап өтіп, «Бір белдеу – бір жол» бастамасына және жаһандық басқару тұжырымдамасына жан-жақты тоқталды. Ғалымның айтуынша, Қазақстан мен ҚазҰУ-дың бұл үдерістерге қатысуы – тек мүмкіндік емес, сонымен бірге өңірлік даму мен халықаралық ынтымақтастықты үйлестіре отырып, тұрақты болашаққа жол ашатын тарихи миссия.

Фатимабибі Дәулет ҚазҰУ-дың халықаралық серіктестіктегі ерекше рөлін атап өтті. Университет базасында Сиань қаласындағы Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы жұмыс істейді, «Жерді қашықтықтан зондау технологиялары және оларды қолдану» Қазақстан-Қытай бірлескен зертханасы ашылды. Сонымен қатар Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығы белсенді қызмет атқаруда. Фатимабибі Дәулет – Қа-

Ғылым мен руханиятқа адалдық



талықтың жетекшісі. «Абайтану» пәнінің дамуына қосқан үлесі мен 50 томдық Абай шығармаларын дайындауға қатысуы елдік іс. 150-ден астам ғылыми мақаланың, төрт оқу құралы мен бірнеше монографияның авторы ретінде оның есімі әдебиеттану ғылымында кеңінен танымал. Түркі әлемі әдебиетіндегі мифтік-танымдық жүйелерден бастап, ұлы тұлғалардың өмір жолын зерделеген тұлғатанымдық еңбектері – жас зерттеушілерге бағыт-бағдар.

Ғалымның еңбегі ескерусіз қалған емес. Күлтегін атындағы

сыйлық, ҚазҰУ медалі, ҰҚК төсбелгілері мен халықаралық академиялық мәртебелер – мұның бәрі еңбектің өтеуі. Ал 2025 жылы Қазақстан жазушылар одағының мүшелігіне қабылданып да қаламгерлік келбетінің жарқын айғағы.

Алмасбек Мәуленов – ғылымға шын берілген, ұлттық рухқа адал, ұрпақ тәрбиесіне жанын салған тұлға. Ол – тек әдебиетші ғана емес, мемлекетшіл ойлы, өрелі ғалым. Оның өмір жолы жас буынға тағылым, әріптестеріне мақтаныш, ұлт руханиятына сенімді тірек.

Әсел ОСПАНОВА

«Синьхуа» агенттігіне сұхбат берді



зақстандағы жетекші қытайтанушы, ҚазҰУ шығыстану факультетінің түлегі және тәуелсіз қазақстандық қытайтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Ол Орталық Азиядағы ғылыми еңбектеріне ең көп сілтеме жасалатын сарапшылардың қатарында.

Қытайдың жетекші ғылыми және бұқаралық ақпараттық

алаңдарында жүйелі түрде пікір білдіріп жүрген ғалым жыл басынан бері Қытайдың ірі БАҚ-тары – «Жэньминь жибао», China News және «Синьхуа» агенттігінде мақалалары мен сұхбаттары жарияланған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Студенттер қатарына ЖИ қатысуымен қабылданды

Басы 1-бетте



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі
редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды,
үш компьютерлік беттен асатын материалдар
қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала
көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.